



Бекітілді
Абай атындағы ҚазҰПУ
Ғылыми Кеңесінің отырысы
Хаттама № 1 «31» 08 2016 ж.
Ғылыми Кеңес төрағасы
С.Ж. Пірәлиев

МАМАНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасы
Магистратура деңгейі

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім берудің мақсаты

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім берудің негізгі мақсаты:

- еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау;
- ғылыми-гуманитарлық пәндер саласында жүйеленген білімдерді қалыптастыру және инновациялық технологияларды қолдануды жүзеге асыру;
- жоғарғы әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті магистрлердің негізгі және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- магистранттарға қазіргі заманғы филологиялық үдерістер мен құбылыстарды талдаудың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік әдістерін меңгерту;
- дүниетаным және ғылыми ойлауы аясында жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру.

1. Біліктілік және қызмет тізбесі

Аталған білім бағдарламасының түлегіне «6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі беріледі.

Педагогикалық ғылымдары магистрі жұмыс өтілімін сұрамастан кәсіби басшылық анықтамалық жұмысына, маман және басқалай қызметке Қазақстан Республикасының қызметтік Типтік квалификациялық мінездеме педагогикалық жұмысшылардың 2009 жылдың 13 шілдесіндегі № 338, өзгерістер мен қосымшалар 09 маусым 2011 жыл № 241, 27 желтоқсан 2013 № 512 бойынша:

- қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы;
- оқытушы (ассистент).

Оларға теңестірілген адамдар қатарында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2012 жылдың 21 мамырындағы № 201 білім беру қызметін жүзеге асырады:

– кіші ғылыми қызметкер (ЖОО ұсынысымен (факультеттер) жоғары оқу орнының түлектерін қоспағанда (магистратураның) оқу мерзімінде тәжірибе алғандар тағайындала алады).

2. Білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің біліктілік сипаттамасы

2.1 Кәсіби қызмет саласы

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі кәсіби қызметін білім беру саласында жүргізеді. Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша (әрі қарай – ҰБШ) біліктілік деңгейі – 7.

2.2 Кәсіби қызметінің нысандары

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің нысандары:

- меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;
- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары;
- білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары;
- білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдар.

2.3 Кәсіби қызметінің аясы

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызмет аясы:

- инновациялық психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде магистранттардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу үдерісінде білім берумен қатар магистранттарға зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету.

2.4 Кәсіби қызмет түрлері

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы мүмкін:

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбиелік;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастыру-басқарушылық.

2.5 Кәсіби іс-әрекеттік қызмет

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрантының кәсіби қызметі:

- оқытушылық;
- тәрбиешілік;
- кәсіби-бағдарлаушылық;
- ғылыми-зерттеушілік.

2.6. Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

«М011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызметінің типтік міндеттері:

✓ *білім беру қызметі саласында:*

– білім алушыларды оқыту және дамыту, оқыту үдерісін ұйымдастыру және тәрбие беру, педагогикалық үдерістерді жоспарлау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау;

– жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік оқу орындарында, жоғары оқу орындарында сабақ беру; білім беруде методикалық білігі мен шеберлігін жүзеге асыру;

– білім беру саласында инновациялық тәжірибелерді зерттеу, қорыту, тарату.

✓ *оқу-тәрбие саласында:*

– оқу-тәрбие жұмыстарын заңдар мен заңдылықтар, қағидағтар мен педагогикалық үдерістердің тәрбиелік механизмдері тұрғысынан жүзеге асыру;

– тәрбие жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру;

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқып жатқан білім алушыларға тәрбие мен білім берудің әртүрлі формалары мен әдістерін сұрыптап таңдап қолдану және пайдалану;

– қоғамдық пікір, салт-дәстүр, әдептер негізінде әлеуметтік-этикалық құндылықтарды қалыптастыру және өз іс-әрекетінде пайдалану;

– іскерлік әдеп нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру.

✓ *білім беруде жаңа технологияларды қолдану бойынша:*

– білім беру үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану;

– ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға қатысу және оларды өңдеу;

– кәсіптік және әлеуметтік-гуманитарлық саладағы алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу.

✓ *әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет саласында:*

– білім алушыларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу және педагогикалық қолдау көрсету;

– іскерлік әдеп нормаларын, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын, тартымдылықтың жеке тұлғалық деңгейін объективті бағалауды қалыптастыру;

– дене, рухани және интеллектуалдық тұрғыдан өзін-өзі дамытудың амалдарын меңгерту, психологиялық сауаттылығын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

✓ *ғылыми-зерттеу қызметі бойынша:*

– ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып игеру және зерттеу;

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша инновациялық педагогикалық әдістерді зерттеу және қорыту;

– педагогикалық эксперименттер жүргізу және оның нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу;

– әртүрлі ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінде салалық пәндер бойынша ғылыми зерттеулер жасау;

– зерттеу жұмысының алгоритмін меңгеру;

– қоғамдық ғылымдар жетістіктерін пайдалана білу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорыту;

- зерттеу жұмыстарының жағымды және жағымсыз салдарларын алдын ала болжай білуді меңгеру;
- өзінің зерттеу жұмысының нәтижелерін объективті түрде бағалауды үйрену.

✓ **басқару-ұйымдастыру қызметі аясында:**

- оқу үдерісін қазақ тілі мен әдебиеті курстарының мазмұнын жоспарлау, дамушы ортаның мазмұнды қызметін ұйымдастыру үшін материалдарды, әдістер мен тәсілдерді таңдау және оны білім берудің әртүрлі деңгейлерінде білім алушыларды тәрбиелеу құралы ретінде қолдану;
- оқу-білім беру үдерісін жүзеге асыру және ұйымдастыру тәсілдерін анықтау;
- сәйкес келетін кәсіп бойынша өндірістегі ұйымдастыру-технологиялық қызмет;
- мемлекеттік құрылымның әртүрлі деңгейіндегі өндірістік-басқару қызметі.

2.7 Кәсіби қызмет мазмұны

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет мазмұны:

- педагогикалық үдерісті басқару және оны сапалы ұйымдастыру;
- білім алушыларға танымдық әрекет тәсілдерін тиімді меңгертуге, білімнің жеке тұлғалық құндылығын танытуға бағдар ұстану;
- білім алушылардың өз қабілеттерін танып-білуі мен өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ету үшін білімді дара тұлғаға бағдарлау;
- түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өзінің білімін өзі жетілдіруіне және кәсіби бейімделуіне қолайлы жағдай тудыру;
- заманауи талаптарға сәйкес кәсіби, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерді іске асыру.

3. Оқыту нәтижелері (жалпы құзыреттіліктер)

Бірінші Дублин дискрипторының екінші деңгейіне сәйкес «6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрін (ҰБШ 7 біліктілік деңгейі) оқыту нәтижелері төмендегідей іс-әрекет тәсілдерін қамтиды:

- өзінің тұлғалық дамуына негіз болған әрі мүмкіндік берген, ғылыми зерттеулер жасау барысында идеяларды
- пайдалануға жол ашқан жоғары білім алу деңгейінде өз білімінің дамуы мен оны түсінуін көрсете алуы;
- өзінің зерттейтін саласына байланысты неғұрлым күрделі (пәнаралық), жаңа немесе бейтаныс жағдаяттарда
- кездесетін проблемаларды түсінуі және оны шешу барысында өз білімін қолдана алуы;
- толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып тұжырым жасау және қиындықтарды жеңе білу, білімді интеграциялау (кіріктіру);
- өзінің білімі мен тұжырымдарын маман және маман емес адамдарға негіздей алу, оны анық және нақты хабарлау;
- өз бетімен білім алуын жалғастыру.

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің *жалпы құзыреттіліктері түйінді* құзыреттіліктер мен *арнайы* құзыреттіліктер негізінде қалыптасады:

3.1 Түйінді құзыреттіліктер

Ғылыми және педагогикалық магистратура түлектерінің түйінді құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар:

- 1) *қоғамдық өмірдегі білім мен ғылымның ролі туралы:*

- ғылыми сананың дамуындағы заманауи үрдістер жөнінде;
- тіл білімі мен әдебиеттанудағы, әлеуметтік, экономикалық ғылымдардағы философиялық және әдіснамалық мәселелер жайында;
- жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі жөнінде;
- жаһандандудың қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық үдерістердің соңғы нәтижелері туралы **болжай алуы керек;**

2) ғылыми сананың әдіснамасын:

- ғылыми қызметті ұйымдастыру құрылымы мен ұстанымдарын;
- білім алушылардың оқу үдерісіндегі танымдық әрекет психологиясын;

Оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудағы психологиялық әдістерді **білуі керек:**

3) алған білімдерін ерекше дамыту және ғылыми зерттеулер контекстінде сол идеяларды пайдалана алуы:

- ғылымда бар концепция, теория мен бағыттарға сыни тұрғыдан қарап, құбылыстар мен үдерістерге талдау жасай алуы;
- әртүрлі пәндер шеңберінде алған білімдерін интеграциялау, таныс емес жағдайда зерттеушілік мәселелерді шешуде пайдалана;
- толық емес және шектеулі ақпараттар негізінде білімді интеграциялау жолдары арқылы талдаулар жасап, шешімдер қабылдай;
- тілтанымдық білімдерін жоғары мектептегі қазақ тілінде пайдалана;
- оқытудың интерактивті әдісін пайдалана;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстар жүргізе;

- креативті ойлау және жаңа мәселелер мен жағдаяттарды шешуге шығармашылықпен келе;
- шетел тілін ғылыми зерттеулер жүргізе алатындай, сондай-ақ, ЖОО-ларда арнайы пәндерді жүргізе алатындай кәсіби деңгейде меңгере;
- ғылыми-зерттеушілік және талдау жұмыстарын диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазбалар түрінде жинақтап, жариялай алуы керек;

4) ғылыми-зерттеушілік қабілеті, стандартты ғылыми мәселелерді шешу:

- білім беру және педагогикалық шеберлікті оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жүзеге асыру;
- кәсіби пәндерді оқыту әдістемесі;
- білім беру үдерісінде қазіргі ақпараттық технологияларды пайдалану;
- кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация;
- шешендік өнер, өз ойын дұрыс және жүйелі түрде жазбаша әрі ауызша жеткізе білу;
- күнделікті кәсіби әрекетте қажетті білімін кеңейтіп, тереңдетіп, әрі қарай докторантурада білім алуға жеткізу **дағдылары болуы тиіс;**

5) ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында:

- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық салада;
- заманауи білім беру технологиялары мәселелерінде;
- кәсіби бағыттағы ғылыми жобаларды орындау және зерттеулерді жүргізуде;
- білімін үнемі жаңалап, кеңейтіп отыруды қамтамасыз ету, кәсіби біліктілігі мен дағдыларын кеңейтуде құзіретті болуы тиіс.

3.2 Арнайы құзіреттіліктер

✓ **A –білу және түсіну:**

- A1 – ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметтің мақсаты мен міндетін білу; -
- A2 – қазақ тіл білімінің теориялық негіздерін білу;
- A3 – қазақ тілтанымның заңдылықтарын, қазақ тіл білімінің бағыттары мен түрлерін білу;
- A4 – тіл ғылымындағы іргелі зерттеулермен, білім берудің әртүрлі саласындағы мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталған ғылыми-педагогикалық инновациялық еңбектермен таныс болу;
- A5 – қазақ тіл білімінің заманауи мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми еңбектерге талдау жасау;
- A6 – қазақ тілін оқытудағы инновациялық педагогикалық технологиялардың теориялық негізін білу;
- ✓ **B – білімді пайдалану және түсіну:**
- B1 – заманауи білім беру парадигмасы контексіндегі педагогикалық ғылымдар дамуының бағыттары мен жаңа концептуалдық идеяларын түсіну;
- B2 – ғылыми зерттеулер нәтижесін компьютерлік үлгілеу тәсілдерін және теориялық талдау жасау әдістерін меңгеру;
- B3 – әртүрлі салада өзінің тілтанымдық білімін пайдалана алу;
- B4 – ғылыми зерттеулер әдіснамасын түсіну;
- B5 – педагогика бойынша ғылыми зерттеулердің әдіснамалық теориялық және қолданбалық деңгейлерін түсіну;
- B6 – әртүрлі жастағы білім алушылардың оқу әрекетіне, қарым қатынасына, дамуына диагностикалық талдауды психо-педагогикалық зерттеулердің сандық және сапалық әдістері арқылы жүргізе білу;
- B7 – педагогиканың негізгі ғылыми концепцияларының қоғам мен ғылым дамуының жалпы мәселелерімен байланыстыра білу;
- ✓ **C – пайымдаудың қалыптасуы:**
- C1 – ғылыми педагогикалық ойлаудағы инновациялық стиль және педагогикалық әрекетті тұтастыра қабылдау;
- C2 – ойлаудың даралығымен бастамашылдығы, сынш, аналитикалық және диагностикалық дағдылар;
- C3 – педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәнін жоғары деңгейді түсінеді, кәсіби этика қағидаларын меңгерген, педагогтың кәсіби тұлғалық қасиетін жетілдіре біледі;
- C4 – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі маңызы мен тілдік құбылыстардың ұлтпен сабақтастығын талдауға қабілетті;
- C5 – дүниетанымы мен санасының дамуы, дара танымдық ғылыми зерттеушілік және шығармашылық әрекетінің белсенділігі;
- C6 – кәсіби педагогикалық санасы қалыптасқан, білім алушылардың тұлғалық және кәсіби даму қажеттілігін қалыптастырудың маңызын түсінеді;
- ✓ **D – жеке қабілеттері:**
- D1 – тілдік қатысымдық құзіреттілігі, педагогикалық шешен сойлеуі, қатысымдық стратегиялық дағдылары қалыптасқан;
- D2 – толерантты және педагогикалық әріптестікке қабілетті;
- D3 – интеллектуалды, рухани-адамгершілік ұстанымдары қалыптасқан, кәсіби, қатысымдық, дүниетанымдық құзіреттілігін және ұйымдастырушылық шеберлігін үнемі дамытуға қабілетті;
- D4 – инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу мен қолдануға, өз білімін көтеру мен өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтыла біледі, педагогикалық іс-әрекеттегі мотивациясы жоғары;
- D5 – мәдени феномен ретіндегі ғылыми білімнің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын түсінуге қабілетті;
- D6 – ғылыми еңбек әзірлеу арқылы қалыптасқан білім шеңберін өз зерттеулерімен одан әрі кеңейтуге қабілетті;

D7 – білім алушылардың денсаулығын сақтау қағидаттарын жүзеге асыруға және салауаттық мәдениетті қалыптастыруға, еңбек қауіпсіздігін сақтауға қабілетті.

4. Оқытудың әдістері мен стратегиялары

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бағдарламасы бойынша білім алудың жалпы нәтижелеріне төмендегі оқу іс шаралары арқылы қол жеткізіледі:

- 1) аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтар оқытудың инновациялық технологиялар негізінде ғылымның, технологияның, ақпараттық жүйелердің соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, интербелсенді формада өткізіледі;
- 2) аудиториядан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен орындалатын жұмыс, жеке кеңес беру;
- 3) оқу және кәсіби іс тәжірибеден өту, диссертациялық жұмысты әзірлеу.

Мамандықтың білім бағдарламасының мазмұны білім алушыға пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан білім алуына, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология салалары бойынша білім мен түсініктерін көрсетуге, бұл білімдерді кәсіби деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтармен түрлі іс тәжірибиелер бағдарламаны игеру барысында магистранттарға қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының негізгі және арнайы құзіреттіліктерін дамытуға зор мүмкіндік береді. Қазақ тілбілімі мен әдебиеттану бойынша теориялық білімді білім беру үдерісінде педагогикалық технологиялармен ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, пайдалануға мүмкіндік береді.

Магистранттардың өзіндік жұмысындағы профессор оқытушылар құрамының жетекшілігі мен кеңес беру жұмысы магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуіне әсер етеді. Соның ішіндегі бітіруші курстың магистранттары таңдаған диссертацияларының тақырыбы бойынша ғылыми жетекшілерінен дербес кеңесін алады.

5. Оқу нәтижелерін бақылау мен бағалау

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бағдарламасы бойынша білім алудың жалпы нәтижелеріне төмендегі бақылау түрлері мен бағалау іс шаралары арқылы қол жеткізіледі: ағымдық және аралық бақылау (сабаққа қатысуы, оқу пәнінің тақырыбы бойынша тестілеу нәтижелері, бақылау жұмыстары, практикалық жұмысты қорғауы, курстық жұмыс, портфолио, дискуссия, тренинг, коллоквиум т.б.), аралық аттестация (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихандар, іс тәжірибие бойынша есептерді қорғау), қорытынды мемлекеттік аттестация (магистрлік диссертацияны қорғау, мемлекеттік пәнаралық емтихандар).

Бағалау әдістері сыни ойлауды дамыту, интеллектуалды, жазбаша және ауызша қатысымдық, презентациялық дағдыларын, практикалық зерттеу дағдыларын дамыту көздейді.

Мамандық бағдарламасына ЖОО іс тәжірибие енген. Бұл магистранттарға пән саласы бойынша практикалық бағдарлық білімді игеруге, оқу педагогикалық әрекетті жоспарлау мен ұйымдастыруға, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін меңгеруге, оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдануға сондай ақ білім алушы мен оқытушы арасында педагогикалық әрекеттестік орнатуға мүмкіндік береді.

6. Пәндер мен арнайы құзырттіліктер матрицасы

№	Пән	A1	A2	A3	A4	A5	A6	A7	A8	B1	B2	B3	B4	B5	B6	B7	C1	C2	C3	C4	C5	C6	D1	D2	D3	D4	D5	D6	D7
1.	Ғылымның тарихы және философиясы	*						*	*	*				*	*	*			*				*	*	*	*			
2.	Шет тілі	*						*	*	*				*	*	*	*	*				*		*					
3.	Мәтін лингвистикасы	*				*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
4.	Мәтін байласымы	*				*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
5.	Қазақ лингвистикасының жаңа бағыттары	*				*	*	*			*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
6.	Көркем әдебиеттегі ұлттық ментальность	*				*	*	*			*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
7.	Драматургия поэтикасы		*					*																	*	*	*		
8.	Шешендік		*					*																	*	*	*		
9.	Педагогика		*					*	*																*	*	*	*	
10.	Психология		*					*	*																*	*	*	*	*
11.	Функционалдық сауаттылық		*	*	*	*		*	*	*		*											*		*	*	*	*	*
12.	Тілдік сауаттылық		*	*	*	*		*	*	*		*											*		*	*	*	*	*
13.	Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар		*	*	*	*		*	*			*		*									*		*	*	*		
14.	Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар		*	*	*	*		*	*			*		*									*		*	*	*		
15.	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*									*	*	*	*	*	*	
16.	Лингвомәдениеттаным	*				*	*	*	*	*	*		*	*									*	*	*	*	*	*	
17.	Өлең теориясы	*				*	*	*	*	*	*		*	*									*	*	*	*	*	*	
18.	Көркем мәтінге психологиялық талдау теориясы	*						*	*	*				*									*	*	*	*			
19.	Қазақ поэзиясының поэтикасы	*						*	*	*				*									*	*	*	*			
20.	Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі	*				*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
21.	Әдеби даму заңдылықтары	*				*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	
22.	Көркемдік дамудың теориясы мен методологиясы	*				*					*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*	

23.	Классикалық әдеби дәстүр және жаңашылдық	*			*					*		*	*	*		*	*	*		*			*	*	*	
24.	Кәсіби құзыреттілік		*		*	*			*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*	*		
25.	Кәсіби шеберлік		*		*	*			*	*		*	*	*	*	*	*	*	*		*	*	*			
26.	Тілді оқытудың мотивациясы		*	*		*			*	*		*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*
27.	Оқу мотивтері		*	*		*			*	*		*		*		*		*		*	*	*	*	*	*	*
28.	Ғылыми-зерттеу практикасы		*	*	*				*	*		*		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*
29.	Жоғары оқу орнындағы педагогикалық практика	*				*			*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*

<p style="text-align: center;">✓ А – білім және түсінік</p> <p>A1 – ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің мақсаттары мен міндеттері туралы білу;</p> <p>A2 – қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық және әдістемелік негіздерін білу;</p> <p>A3 – тілдің грамматикасы мен негізгі заңдылықтары туралы білімдер;</p> <p>A4 – тіл мен әдебиет пәнінің іргелі зерттеулерін, зерттеушілерін білу;</p> <p>A5 – интеграцияланған зерттеулер тұрғысында, салалық, аймақтық, ұлттық және жаһандық мәселелерді білу;</p> <p>A6 – білім берудің әртүрлі салалардағы мәселелерді жүйелі шешуге бағытталған іргелі ғылыми-зерттеу және теориялық және практикалық инновацияларды білу;</p> <p>A7 – ғылым санаттағы негізгі ғылым білімді, педагогика ғылымының өзекті мәселелері талдауға мүмкіндік беру;</p> <p>A8 – тіл мен әдебиетті оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды теориялық негіздерін білу.</p>	<p style="text-align: center;">✓ С – пайымдаулар қалыптастыру</p> <p>C1 – ғылыми-педагогикалық ойлау және педагогикалық шындық тұтас қабылдау инновациялық стилі;</p> <p>C2 – тәуелсіздік және бастамашыл ойлау, сын. аналитикалық, диагностикалық дағдылары;</p> <p>C3 – педагог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, кәсіби этика принциптері, оқытушының кәсіби және жеке қасиеттерін жақсарту;</p> <p>C4 – күрделі талдау жасай білу және әлем тілдері мен әлем әдебиетіндегі проблемалар туралы пайымдаулар қалыптастыру;</p> <p>C5 – студенттің өзін-өзі танымдық, ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметте дамыту;</p> <p>C6 – кәсіби-педагогикалық сана сезімді, студенттердің әрі қарай жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.</p>
<p style="text-align: center;">✓ В – білімі мен түсінігін қолдану</p> <p>B1 – қазіргі заманғы білім беру парадигмасын контекстінде ғылым оқыту дамуындағы жаңа тұжырымдамалық идеялар мен трендтер түсіну;}</p> <p>B2 – компьютерлік модельдеу және зерттеу нәтижелерін теориялық талдау әдістерін әдістерін меңгеру;</p> <p>B3 – қызметтің түрлі салаларында өз мамандығы бойынша алған білімін пайдалану;</p> <p>B4 – ғылыми зерттеулер әдістемесі түсіну;</p> <p>B5 – әдістемелік қарым-қатынас түсіну, теориялық және педагогика бойынша ғылыми зерттеулер деңгейін қолданылатын;</p> <p>B6 – психологиялық-педагогикалық зерттеулер сапалық және сандық әдістері арқылы барлық жастағы оқушылардың даму, байланыс, іс-</p>	<p style="text-align: center;">✓ D – жеке қабілеттері</p> <p>D1 – мұғалім тұлғасының кәсіби қасиеттерінің болуы, коммуникациялық технологиялар білім, дағды, педагогикалық риторика, байланыс стратегиялар;</p> <p>D2 – жаңа құндылықтарды құруға дайын, шығармашылық шешімдер, толеранттылық пен педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетін қабылдау;</p> <p>D3 – интеллектуалдық, моральдық, қарым-қатынас, ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдылары;</p> <p>D4 – білім беру қызметін, білім беру-инновациялық шығармашылық қолдану, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жүзеге асыру үшін жоғары ынталандыру;</p> <p>D5 – мәдени құбылыс ретінде ғылыми білімді қалыптастыру және дамыту</p>

диагностикалық талдау жүргізу;
 В7 – ғылым мен қоғам дамуының жалпы мәселелерімен педагогика негізгі ғылыми ұғымдардың өзара қарым-қатынас түсінігі.

заңдылықтарын түсіне білу;
 D6 – ғылыми жұмыстың дамыту арқылы қолданыстағы білім аясын кеңейтеді бастапқы зерттеулер арқылы үлес қосуға мүмкіндігі;
 D7 – білім алушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру ұстанымдарын жүзеге асыру мүмкіндігі, денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауы.

7. «6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бағдарламаларының құрылымы мен компоненттердің бөліну нормалары

№	Қызмет түрі	Кредиткөлемі	Апта саны	Жалпы сағат көлемі
1	Теориялық білім (1:2)	42	45	1890
2	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде көлемі, өндірістен қол үзбей оқи жүріп жүргізген магистерлікдиссертациясының (1:7)	3	-	360
	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде, магистерлікдиссертациясы	4	9	480
3	Қорытынды аттестация (1:6)	4	8	420
	Барлығы:	53	62	3150
4	Теориялық оқудан қол үзбей оқи жүріп өткізген практикасы (педагогикалық), (1:1)	3	-	90
5	Практика (зерттеу) (1:7)	3	12	360
6	Демалыстар		13	
7	Емтихан сессиясы		9	
	Барлығы:	59	96	3600

«6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алу үшін білім алушылар 42 сағат көлемінде теориялық білім, 6 кредиттік мөлшерде тәжірибе, 7 кредиттен кем емес көлемде ғылыми-зерттеу жұмысын меңгеруі керек. Магистрант оқу барысында 3 кредит МГЗЖ (әр семестрде 1 кредиттен) орындауы және 3 кредит педагогикалық тәжірибеден өтуі тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі



Ж.Т.Дәулетбекова